

Лаймен Френк Баум

Доротиғиң

Замартас еліне саяхаты

Ертегі

Балаларға арнап бейімдеген
Жасарал Назерке

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӘЖ 821.111 (73)-93

КБЖ 84 (7Сое)

Л 16

Л.Ф.Баум

Л 16 Доротидің Замартас еліне саяхаты : Ертегі.

– Алматы: Астана-кітап, 2021. 28 б.

ISBN 978-601-7595-35-7

Дороти Канзас қаласында тұрады. Бір күні қатты дауыл соғып, оның үйін белгісіз жаққа ұшырып алып кетеді. Сиқыршылар еліне тап болған Дороти үйіне қайтатын жолды іздейді. Жолда сабан Қарақшы, темір Отыншы және Арыстанмен достасады. Олар Замартас елін бетке алады. Сиқыршылар еліндегі достардың басынан кешкен оқиғасы оқырманды ойландырады.

Замартас еліндегі оқиғалар мейірімділік, батылдық пен адалдық жайында болмақ.

ӘӘЖ 821.111 (73)-93

КБЖ 84 (7Сое)

ISBN 978-601-7595-35-7

©Астана-кітап, 2021



Лаймен Фрэнк Баум – Америка Құрама Штаттарында туып-өскен жазушы. “Оз елінің сиқыршысы” атты кітаптар сериясының авторы.

Фрэнк Баум жүрек ақауымен туған. Дәрігерлер оның ғұмыры қысқа болады деп ойлады. Бірақ Фрэнк ата-анасына сәттілік әкелген бала болды. Ол дүниеге келгенде, әкесінің жағдайы жақсарып, ақшасы көбейеді. Фрэнктің жасы кіші болса да, Чарльз Дикенстің психологиялық кітаптарын сүйіп оқитын.

Фрэнк төртке толғанда әкесі оған жазу машинасын сыйлайды. Алғашында газет, журналға балаларға арнап әңгіме жазды. Кейін сол ертегілерін жинақтап, кітап етіп шығарады. Отбасын құрып, балаларына күнде өз қиялынан әңгімелер айтатын. Осылай Фрэнк Баумның “Оз елінің Сиқыршысы” атты бірнеше кітаптан тұратын ғажайыпқа толы хикаялар жинағы жазылды. Мейірімділік, достық, адалдық пен қамқорлық секілді құндылықтар автор кітаптарының басты идеясы болды.

КЕЙІПКЕРЛЕР



Сиқыршы



Тото



Дороти



Қарақшы



Темір-Отыншы



Арыстан



Сиқыршы 03

Доромидің

Замартас еліне саяхаты



Дороти көкесі Хенри мен жеңгесі Эннің Канзастағы үйінде тұрады. Құрқылтайдың ұясында үйдің бір бөлмесі мен жертөлесі ғана бар. Канзаста күн ыстық әрі үнемі жел соғып тұрады.

Бір күні қатты дауыл тұрды. Көкесі мен жеңгесі жертөлеге түсіп үлгерді де, Дороти күшігі Тото екеуі бөлмеде қалып қалды. Бір кезде құйын үйді тұрған жерінен жұлып алып, көтеріп әкетті. Үй ұшып барып, гүл өскен көк шалғынның ортасына топ ете қалды.

